


## Қашықтықтан оқыту бойынша Онлайн режимде емтихандар ұйымдастыру және өткізу

Студенттің онлайн емтихандарына қатысуының міндетті шарты - Интернетке қол жетімді веб-камерасы бар компьютер немесе ноутбук.

Егер веб-камера болмаса, смартфонды қолдануға болады. Конференцияға смартфон арқылы қосылып, камераны қосып, смартфонды суретте көрсетілгендей бұрышта орнатуға болады (1сурет), экран монитору мен жұмыс үстелі көрініп тұру керек.



1-сурет. Веб-камера болмаған жағдайда смартфонды орналастыру мүмкіндігі

Студент деканат жоспарлаған емтихандарын АИС университетіндегі жеке кабинеті арқылы бақылап отыруы қажет. Емтихандарды бақылау үшін негізгі мәзір «Обучения» - «Сессия» бөліміне өтіңіз. Пән атауы көрсетілген емтихан кестесі, тапсыру күні мен уақыты көрсетіледі ( 1-1 сурет).



Наименование дисциплины	Ссылка для перехода на экзамен	Ссылка для подключения на конференцию	Статус доступа
OREP1111 - Основы рыночного менеджмента 5175 Калдыбаева Д.О., вид проведения экзамена Компьютерное тестирование Дата начала экзамена 16.06.2020 10:00 Дата завершения экзамена 16.06.2020 23:00			Статус
Su1107 - Культурология 5164 Туйебаев М.М., вид проведения экзамена Компьютерное тестирование Дата начала экзамена 17.06.2020 10:00 Дата завершения экзамена 17.06.2020 23:00 Тест завершен для просмотра результата перейдите по ссылке >>>>>> Для подключения к видео конференции перейдите по ссылке >>>>>>			Статус
Soc 2107 - Социология 5164 Ашимова Г.М., вид проведения экзамена Компьютерное тестирование Дата начала экзамена 19.06.2020 10:00 Дата завершения экзамена 19.06.2020 23:00 Тест завершен для просмотра результата перейдите по ссылке >>>>>> Для подключения к видео конференции перейдите по ссылке >>>>>>			Статус
IYa 1102 (III) - Иностранный язык II 5162 Нурбаева А.Н., вид проведения экзамена Компьютерное тестирование Дата начала экзамена 20.06.2020 10:00 Дата завершения экзамена 20.06.2020 23:00			Статус
- Политология 5166 Ногоева Н.М., вид проведения экзамена Компьютерное тестирование Дата начала экзамена 23.06.2020 10:00 Дата завершения экзамена 23.06.2020 23:00 Тест завершен для просмотра результата перейдите по ссылке >>>>>> Для подключения к видео конференции перейдите по ссылке >>>>>>			Статус

Сурет 1-1. Емтихан терезесі

Егер студентте **жазбаша емтихан** болса, онда ол емтиханға өту үшін жеке кабинетіндегі пән атауы астындағы сілтемеге өтіп, (1-1 суретті қараңыз), Exxamus онлайн-прокторына қосылуға тиіс.

Емтиханға өту үшін сілтеме студенттердің жеке кабинетіндегі емтихан терезесінде пән атауының төменгі жағында орналасқан (ais.semuniver.kz), оған көшу негізгі мәзірдегі «Обучение» - «Сессия» арқылы жүзеге асырылады.

Exzamus прокторының терезесінде студент келесі міндетті процедуралардан өтуі керек:

1. Экрандағы сопақшаға бетіңізді келтіріңізде (денеңізді баяу алға немесе артқа жылжыту арқылы) батырманы басып суретке түсіріңіз.

2. Жеке басын куәландыратын құжатты экрандағы тік төртбұрышқа жақындатып (баяу алға немесе артқа жылжып) оны суретке түсіріңіз.

3. Прокторлық жүйе ережелері және талаптарымен танысу үшін келесі парақ ашылады, парақтың соңында дейін мұқият оқып шығыңызда «Мен келісемін» батырмасына белгі өйып растаңыз.

4. Келесі бетте Сіз проктор-емтихан алушының терезесіне жетесіз. Проктор емтихан алушы Сіздің отырған бөлмеңізді тексеру процедурасын жүзеге асырады (проктор Сізге вебкамераны немесе ноутбукты жылжыту арқылы өз бөлмеңізді көрсетуді талап етеді), Сіздің жұмыс үстеліңізде бөгде немесе тыйым салынған заттардың болмауын қамтамасыз етеді (прокторға жұмыс үстелін веб-камераны немесе ноутбукты жылжыту арқылы көрсетуі керек). 5. Қысқаша ережелермен таныстырып, емтиханға қатысуға рұқсат береді Емтихан кезінде студент келесі міндеттерді білуі керек:

- камераны өшіруге тыйым салынады
- жұмыс үстелінің толық және анық көрінуін қамтамасыз ету керек
- тыйым салынған заттарды (шпаргалка, ұялы телефондар, планшеттер және т.б.) пайдаланбау керек
- барлық ақпарат, яғни қосылу күні мен уақыты, студенттің жұмыс уақыты, жіберілген тәртіп бұзушылықтар саны, тестілеудің басынан аяғына дейін тестілік материалмен жұмыс туралы барлық деректер Exzamus прокторлау бағдарламасында және AIS University серверінде жазылады

Егер студентте **компьютерлік тестілеу** бойынша емтихан болса, онда білім алушы емтиханға 15 минут қалғанда емтихан терезесіндегі конференция шақыруы сілтемесі арқылы (1-1 суретті қараңыз) ZOOM конференциясына қосылуы тиіс. Проктор-емтихан алушы Сізді идентификациядан өткізеді (алдымен жеке басын куәландыратын құжатты экранға, содан кейін өзіңіздің бетіңізді экранға тақатып көрсетуді сұрайды), білім алушының отырған бөлмесін тексереді (емтихан алушы проктор веб-камераны немесе ноутбукты жылжыту арқылы өз

бөлменізді көрсетуге міндеттісіз), жұмыс үстелінде бөгде немесе тыйым салынған заттардың болмауын тексереді ( емтихан алушы проктор жұмыс үстелін веб-камераны немесе ноутбукты жылжыту арқылы көрсетуге міндеттісіз). Қысқаша ережемен таныстырып Сізге емтихан тапсыруға рұқсат береді.

Келесі терезеде емтихан туралы негізгі мәліметтер терезесін көресіз (студенттердің рейтингі, емтиханға бөлінген уақыт және т.б.) (2-суретті қараңыз). Қарап шыққаннан кейін ары қарай басыңыз.



2-сурет. Студент туралы негізгі мәліметтер терезесі

Ары қарай басыңыз:


1. **компьютерлік тестілеуге арналған компьютерлік тестілеудің негізгі терезесі** пайда болады (2-сурет).



2-сурет. Компьютерлік тестілеудің негізгі терезесі

Осы терезеге қосылған кезде тестілеу автоматты түрде басталады және уақыт есебі жоғарғы оң жақ бұрыштағы индикатор арқылы жүргізіледі. Студент өз тестілеу уақытын бақылауға міндетті, тестілеуге бөлінген уақыт аяқталғанға дейін тест тапсыруы керек. Егер берілген уақыт ішінде

барлық тест сұрақтарына жауап беруге үлгермесеңіз, онда тест нәтижелері есептелмейді. Компьютерлік тестілеудің негізгі терезесінде жауап нұсқалары бар тест сұрақтары, апта шкаласы (бір сұрақтан екінші сұраққа ауысуы) және студент жасаған барлық бұзушылықтар тіркелген Chat&log орналасқан (2-1 сурет). Сонымен қатар, барлық бұзушылықтар дауыспен де жазылады. Егер студент бұзушылықтар жасаса, проктор тестілеуді уақытша тоқтатуға және бұзушылықтар туралы ауызша ескерту жасауға құқылы. Сондай-ақ, бұл терезеде студент кезкелген техникалық проблемалар туындаған жағдайда прокторға хабарлама жібере алады.



2-1 сурет. Chat&logs терезесі


Студент барлық тест сұрақтарына жауап бергеннен кейін «Аяқтау» батырмасы пайда болады.

Тестті аяқтауға арналған терезе пайда болады (3-сурет).




3-сурет. Тестті аяқтау терезесі

Осы терезеде, егер сіз тестті аяқтағыңыз келсе, «Мен барлық сұрақтарға жауап бергенімді және тестті аяқтағанымды түсінемін» деген белгіні қойыңыз, содан кейін келесі терезеде «Сынақты аяқтау» түймесін басыңыз. Пән бойынша қорытынды баға қойылады (4-сурет) және ол автоматты түрде студенттік журналға және транскрипцияға енгізіледі.




4-сурет. Пән бойынша қорытынды баға

Егер сіздің кестеңізде **ауызша немесе жазбаша емтихан** болса, онда студенттің негізгі мәліметтер терезесінен шыққаннан кейін «Емтихан» терезесі ашылады. Сізге жабық билеттерді таңдау мүмкіндігі беріледі (5-сурет)



5-сурет. Билет таңдау терезесі



Сурет 6. Билеттің негізгі терезесі

Емтиханға дейін әр студент А4 қағаздарын дайындап қоюы керек (жауап парағы үшін). А4 қағаз парағының саны сіздің қажеттілігіңізге байланысты. Барлық жауап парақтарының сол жақ жоғарғы бұрыштарында міндетті түрде пән атауы, аты-жөндеріңіз жазылып, күні және қолыңыз қойылып тұру керек.

Егер сіз ауызша емтихан тапсырсаңыз, билетті таңдағаннан кейін экранда билеттің нөмірі көрсетіледі. Сұрақтарды жазып алуыңыз керек. Әрі қарай, проктор келесі студентке ауысады. Соңғы емтихан алушы билетті таңдағаннан кейін 20 минут өткен соң 1-ші емтихан алушыға сауалнама басталады.

Егер сіз жазбаша емтихан тапсыратын болсаңыз, онда билетті таңдап, оны экранға шығарғаннан кейін, университеттің «Қабылдау емтихандарын жазбаша түрде өткізу тәртібі туралы ереже» Р.01.21/2019 сәйкес жүргізіледі, жазбаша емтиханға 2 сағат беріледі.

Ауызша немесе жазбаша емтиханды аяқтағаннан кейін студенттер барлық жауап парақтарын міндетті түрде суретке түсіреді (фотосурет жоғары сапалы болуы керек, бұлыңғыр емес), АИС терезесіндегі ашық «Билет парағы» деген жерде файлға жолды таңдап, көрсетіп, «Жүктеу» түймесін басыңыз (міндетті рәсім).

Егер сіз ауызша емтихан тапсырған болсаңыз, онда осы процедурадан кейін проктор емтиханға арналған бағаны жариялайды және АИС электронды журналына қойылады.

Егер сіз жазбаша емтиханды тапсырған болсаңыз, онда студенттердің жазбаша жұмысын тексергеннен кейін бір күн ішінде проктор емтихан нәтижелерін топтың жалпы чатында жариялайды және баға АИС электронды журналына қойылады.

Проктор сіз тіркеген файлдарды жүктеп алып, сапасын тексереді, егер парақтардың фотосуреті қанағаттанарлық болса, проктордың рұқсатымен емтиханнан шығуыңызға болады.

Егер студент емтихан күні қандай да бір белгілі себептермен (интернетке кіру мүмкіндігі болмаса, электр қуатының үзілуі, сырқаттанып қалсаңыз) емтиханға қатыса алмаса, онда ол декан атына өтініш жазады.

Факультет деканы өтініш негізінде өкім шығарып қосымша емтихан кестесін бекітеді және тіркеу бөліміне жібереді. Білім алушы осы қосымша емтихан кестесі бойынша емтихандарын тапсырады..

**Сәттілік тілейміз!**

Туындап жатқан техникалық сұрақтар бойынша

e-mail: [or@abu.edu.kz](mailto:or@abu.edu.kz)

жұмыс телефоны +7 (7222) 36-03-63 (ішкі118)

8 747 115 67 37 нөміріне хабарласуға болады

Офис Тіркеуші бөлімі